

**«Қарасу орта мектебі» КММ-сі бойынша
2021-2022 оқу жылындағы мектеп кітапханасы жұмысының
жылдық есебі**

«Қарасу орта мектебі» коммуналдық мемлекет мекемесінің кітапханасында 8169 дана, сондай-ақ ғылыми көпшілік әдебиет, педагог қызметкерлері үшін әдістемелік оқу құралдары жеткілікті. Мектеп кітапханасында жыл ерекшелігіне даталық күндерге орай түрлі мәдени іс-шаралар, кітапханалық сабақтар, кітап сөрелері, жаңа кітаптарға шолу, интеллектуалды ойындар, ертеңгіліктер өткізілді. Биылғы 2021-2022 оқу жылында мектеп кітапханасы осы бағытта көптеген жұмыстар атқарды. Мектеп кітапханасы жаппай жұмыс келесі негізгі бағыттар бойынша жүргізілді: еркін оқуды ынталандыру, мектеп білім беру бағдарламаларына оқу үдерісіне жәрдемдесу. Бұқаралық іс-шаралар өткізу барысында сандық және сапалық қызмет көрсету мәселесі шешілді. Оқырмандарды кітапханаға тарту жіне оқушылардың ақпараттық оқу мәдениетін, кітапхананы пайдалану дағдыларын қалыптастыру мақсатында кітапхана сабағы өткізіледі, онда оқушылар кітап құрылымымен, кітапхананың анықтамалық аппаратымен, кітаптардың орналасуымен танылды. 2021-2022 оқу жылы бойынша мектеп оқушылары толықтай оқулықтармен қамтамасыз етілді.

1 Қыркүйек Білім күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл аясында «Тәуелсіздік жетістіктері» атты көрме өткізілді. Көрмеге 3-4 сынып оқушылары қатысты. Көрмеге Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың кітаптары қойылды. Оқушылар слайд арқылы Тәуелсіздік жетістіктерін тамашалады. Қыркүйек айында «Сен Мұхтарды білесің бе?» атты көрме өткізілді. Онда М. Әуезовтың кітаптары оқырмандар алып оқыды. Қыркүйек айында «Аналар» күніне орай көрме ұйымдастырылды, онда да әртүрлі жазушылардың кітаптары қойылып оқырмандар кітаптарды оқуға алды.

Қазан айында жерлесіміз Тұрсынхан Әбдірахманованың 100 жылдық мерей тойы аясында 5-7 сынып оқушылары арасында «Дәуір үні-Тұрсынхан Әбдірахманова» атты дөңгелек үстел өтті. Қазан айында «Оқу құштар мектеп» аясында «Кітапханаға және кітап оқуға деген сүйіспеншілігіңді білдіріңіз» атты онкүндік челлендж өтілді. Ол челленджге 5 сынып оқушылары ат салысып оқыған ертегілерін бір-біріне жолдады. Бұл іс-шаралар фейсбукке жарияланды. Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерей тойы қарсаңында «Алғашқы ұстаз, алғашқы дана бабам» атты кеш өткізілді. Қазан айында «Оқу құштар мектеп» аясында «Кітапханаға және кітап оқуға деген сүйіспеншілігіңді білдіріңіз» атты онкүндік челлендж өтілді. Ол челленджге

5 сынып оқушылары ат салысып оқыған ертегілерін бір-біріне жолдады. Бұл іс-шаралар фейсбукке жарияланды. Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерей тойы қарсаңында «Алғашқы ұстаз, алғашқы дана бабам» атты көрме өткізілді.

Жарма ауданы бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына сәйкес «Тәуелсіз елдің патриотымын!» тақырыбында «Балалар өлең оқиды», «Үздік аудио оқу», «Үздік бейне оқу» сырттай әдеби- интернет конкурсына 5 сынып оқушылары қатысты. Олар Мұратқан Ақбота, Батырхан Дарын, Адылханов Айдар.

Тұңғыш Президент күніне орай «Н.Назарбаев- Ұлт көшбасшысы» атты көрме өткізілді, және де «Менің жерім- менің Қазақстаным!» атты кітапханалық сабақ 6-7 сынып оқушыларымен өткізілді.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған жоспарға сәйкес «Тәуелсіз – елім тұғырым» атты көрме өткізілді. Бастауыш сынып оқушыларының арасында «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты интеллектуалдық сайыс өтті.

Аудан бойынша жоспарланған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап оқы, рухани бай бол!» атты челленджге 9 сынып оқушысы Умербекова Карина оқыған кітабын видеоға түсіріп әлеуметтік желіге жүктеді. Онда жас ұрпақты көркем әдебиетке деген қызығушылығын, тілдерін дамыту барысында оқушыларды кітап оқуға насихаттау болатын. Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы республикалық «Оқу мектебі» жобасын жүзеге асыру аясында оқу және оқу белсенділігінің мәртебесін арттыру және оқу сапасын арттыру бағдарларды қалыптастыру мақсатында «Оқы және жеңіске жет» облыстық конкурс-викторинасына 6-8 сынып оқушылары арасында 6 оқушы қатысты. Атап айтсам 6 сынып оқушылары Бикенова Наргиз, Бутабаев Бекежан, 7 сынып оқушысы Батырхан Әкежан, 8 сынып оқушылары Бибосинова Жанель, Қожахметова Алуа болатын. Өзіміздің жерлесіміз жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» атты повесі бойынша буктрейлер жасадым.

Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «Мен Жамбылды оқимын» атты мәнерлеп оқуға даярлық топ тәрбиеленушілері мен бастауыш сынып оқушылары қатысып оларды фейсбук желісіне жүктеді.

Көктемгі каникул кезінде оқушылардың сапалы және қауіпсіздік демалысын ұйымдастыру барысында өткен «Демалыста оқу», «Кітап баста» атты іс-шара барысында оқушылар мен кездесу өтті. Онда оқушылар өздеріне ұнаған әдеби кітаптарын оқуға алды. 23 сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай кітап көрмесі «Буккроссинг»

кітапалмасу көрмесі ұйымдастырылды.«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үздік оқырман отбасы» аттыаудандық байқауға Уасиловтар отбасы қатысып ІІІ орын иеленді.Сонымен 2021-2022 оқу жылында алдыға қойған мақсат орындалды деп есептеймін

Кітапханашы

Г.Токтабаева.